

қағаздың үлкен қоры, шағын кітапханасы болды, таралымы 8000-нан асты». Редакциялық алқа 1914 жылғы жаңа жылдық 45-нөмірінде газетті 10 облыстың қазақтары жаздырып алатынын хабарлаған. Бұған қоса оны Орынбор, Уфа, Қазан, Петербург, Мәскеу, Томск қалаларындағы, басқа да бірқатар қалалардағы, сондай-ақ Түркия мен Қытайдағы оқырмандар алып тұрды [1, 705 б.].

Ұлттық интеллигенция отарлық езгіге қарсы ірі саяси оқиғаның бірі – 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тұсында қазақ халқын аман-сау сақтап қалудың жолдарын іздеп, патша үкіметі мен халықтың арасында ымыраға келу саясатын ұстанды. Азамат соғысы кезінде әскери соғыс істеріне ақыл – кеңес беріп, соғыс зардабынан түрлі азап шегіп, ашаршылық пен ауруға ұшыраған қазақ халқына азық-түлік пен медициналық көмек ұйымдастырды.

М.Дулатов пен А.Байтұрсынов есімдері Алашорда үкіметімен тығыз байланысты болғандықтан, олардың қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметін зерттеу өте күрделі. Себебі зерттеу нысанасының ауқымы өте кең және тым қайшылықты. Сол себептен қайраткерлердің өмір сүріп, қызмет еткен кезеңдегі аса күрделі тарихи құбылыстар мен саяси оқиғаларға барынша терең үнілуге тура келеді.

А.Байтұрсынов пен М.Дулатов XX ғасырдың басынан 30 жылдардың соңына дейін саяси оқиғалардың бел ортасында жүрді, сол үшін 1907 жылдан бастап А. Байтұрсынов, ал 1911 жылдан бастап М. Дулатов қуғынға ұшырап, бас бостандығынан айырылып, кейін қазақ даласынан тысқары жерлерге жер аударылды және оларға «саяси сенімсіз» деген айдар тағылып үнемі патша үкіметінің бақылауында болды.

XX ғасырдың 20-30 жылдары ұлт болашағын ойлап, Алаш зиялыларының бір тобы Кеңес үкіметі жағына өтті.

М.Дулатов Кеңес үкіметі жылдарында «Ақ жол» газетінің редакторы болып тағайындалып, өзінің мақалаларында қазақ тілін сақтауды, оған бостандық пен теңдік беруді талап етті.

Заманында ұлт азаттығы жолында халқына қалтқысыз қызмет еткен зиялыларымыздың ел тұтастығы мен дамуы жолында жер, су, оқу-ағарту ісі, тіл мәселелерін алға тартып, «Алаш бағдарламасын» құрып, жалпы қазақтардың съезін шақырулары қоғам дамуының ілгерілеуіне, болашақ тәуелсіз мемлекеттің іргетасын қалауға айтарлықтай зор үлес қосты.

Кешегі Алаш автономиясы мен бүгінгі тәуелсіз Қазақстан саясатындағы ұлтаралық келісімді сақтау, мемлекет тұрақтылығын қамтамасыз ету ұрпақтар сабақтастығының айқын дәлелі болып табылады.

Сондықтан да тәуелсіздік жолында күрескен ұлт зиялыларымыздың есімдері, ұлттық мүдде жолындағы белсенді қоғамдық - саяси қызметі бүгінгі тәуелсіз Қазақстан тарихында ерекше орын алып, зор тарихи маңызға ие болуы тиіс.

### Пайдаланған әдебиеттер

1. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. –Алматы «Атамұра» 2010.
2. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. -Алматы: «Санат», 1995.
- 3.Әбдиманұлы Ө. Ахмет Байтұрсынұлы: Зерттеу-эссе. -Алматы, 2007.
4. Рысқұлов Т. Избранные труды. -Алма-ата, Казахстан, 1984.
- 5.Жұмабаев Н. Міржақыптың есімі ғасырлар жасайды. // Қостанай таңы. 24 қараша, 2004ж.
- 6.Кәкішұлы Т. «Оян, қазақ!» қалай қуғындалды? // Егемен Қазақстан. 7 қыркүйек, 2005 ж.

## СОЦИАЛИСТІК ТӨҢКЕРІС ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚ АУЫЛЫНА ТИГІЗГЕН ӘСЕРІ

Мұрат Б.Б., магистрант

Карсыбаева Ж.А., т.ғ.к., доцент

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Қарағанды қ., Қазақстан

Ұжымдастыру кезеңі - Кеңес одағы тарихының қанды қырғынға толы беттерінің бірі, өйткені осы кезде ауылдарда жүргізілген революциялық сипаттағы ауқымды өзгерістер қазақ халқы үшін тым қымбатқа түсті.

1927 жылы желтоқсан айында өткен БКП (б) XV съезінде ауыл шаруашылығын ұжымдастыру бағыты жарияланды. Өлкеде кеңес билігі орнаған кезден бастап ірі социалистік өзгерістерді жүзеге асыра бастаған еді. Олар: мәдени құрылыс, 1925 жылы партияның XIV съезінде жарияланып, іске

асырыла бастаған индустрияландыру бағыты болатын. Бірақ жоғарғы басшылық осы өзгерістерді ірі машиналық индустрия мен қол күшімен іске асатын ұсақ тауарлы ауыл шаруашылығының үйлесімді негізінде сәтті жүзеге асыру мүмкін емес деп шешті. Осы съезде шаруаларды шаруашылықтарға тез және жаппай біріктіре отырып, ірі машина-трактор стансаларын (МТС) құру арқылы аграрлық саладағы еңбек үрдістерін механикаландыру жолымен ірі астық және ет-сүт өнімдерін шығаратын ұжымдық шаруашылықтар құру туралы қаулы қабылдады. Жалпы алғанда ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындайтын мұндай ұжымдық шаруашылықтарды құру кеңес билігі үшін аса қажет болды. Себебі бұлар арқылы индустрияландыруға керекті қаржыны табудың жолы болды. Ұжымдастырудың барысында кеңес билігіне тән әкімшілік және таптық әдістерді көп қолдану басты құралға айналды. Съезд барысында ұжымдастыруды жүзеге асыруға қатысты айтылған еріктілік, дербестік қағидалары мүлде сақталмады. Осы кең тұрғыда қолданылған жаппай террорға негізделген күштеу, мәжбүрлеу саясаты сонымен қатар колхоздарды құру қағидасының бұзылуына және осы бағыттағы басқа да көптеген асыра сілтеушіліктерге, бұрмалаушылықтарға ұрындырды. Оның соңы ашаршылыққа әкелді.

Ашаршылықтың басты себебі сталиндік басшылық пен оның жер-жерлердегі шабармандарының, оның ішінде Қазақстанда 1925-1933 жылдар аралығында БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің бірінші хатшысы болған Ф.И.Голощекиннің «Кіші Қазан» саясаты болды. Аталған аграрлық саясаттың негізгі мазмұны ұжымшарлар мен кеңшарларға күштеп орналастыру, жаппай ұжымдастырудың жүргізілуі, ұсақ шаруа өндірістерін жою, зорлап астық дайындау, агротехниканың деңгейін төмендету, шаруалардың аштықтан қашып қалаға жаппай кетуі, ауыл шаруашылығын басқарудың бюрократтық жүйесі, ең соңында азық-түлік мәселесін әкімшілік-қуғындау тәсілімен шешуден тұрды.

Ұжымдастыру саясатының қарқынды жүруіне И.Сталиннің 1928 жылы 15 қаңтар-6 ақпан аралығындағы Сібірге сапарында (Новосибирск, Барнаул, Бийск, Рубцовка, Красноярск, Омбы), Красноярскіде өткізген «Шығыс кеңесі» түрткі болды. Кеңес елінің басшысы елдегі астық дағдарысына тоқталып, «егер 1927 жылғы қаңтарда 428 млн. пұт дәнді астық дайындап үлгірген болсақ, ал 1928 жылғы дайындалған астық 300 млн пұтқа әрең жеткенін, осы жетіспеушіліктің 128 млн пұт болғанын» атап көрсетті [1, 41 б.]. Ол мұнда жергілікті жерлердегі партия басшыларын қатаң сынға ала отырып, ең қатал шараларды қолдануды талап етті. Мысалы, Новосибирск мен Омбыда сөйлеген сөзінде И.Сталин үзілді-кесілді нұсқаулы түрде РКФСР ҚК-нің 107 бабын елде жаппай қолдануды талап етті. Бұрын бұл бап «тауарды сатып алу, жасыру немесе нарыққа шығармау арқылы тауарға бағаны қасақана көтергені» үшін жаза қолдануды көздейтін еді. Ал бұл жағдайда осы бап өзінің қолданылу тұрғысынан алғанда елеулі түрде түзетілді және 1928 жылғы қаңтардан бастап ең алдымен астық өсірушілерге, «артық астығын мемлекеттік баға бойынша тапсырудан бас тартқандарға және алыпсатарларға» қарсы қолданылды. Жаза түрінде 107-бап бүкіл мүлкін немесе мүлкінің бір бөлігін тәркілей отырып, бір жылға дейін бас бостандығынан айыруды, ал бағаны көтеру үшін «топ болып келісіп алғандарды» толық тәркілей отырып, үш жылға дейін бас бостандығынан айыруды көздеді [2, 234 б.]. Осы сапардан кейін И.Сталин 1921 жылы наурызда партияның X съезінде қабылданған жаңа экономикалық саясатты тоқтатып, оның ішінде азық-түлік салығын алып қайрадан салғыртты енгізгені мәлім. Сонымен қатар жазалау органдарының жұмысын қатайтып, белсендендірді.

1920 жылдардың соңында, КСРО-ның барлық аумағында орын алғандай, Қазақстанда ауыл шаруашылығы тұралап қалған болатын. Алғашқы бесжылдықта (1928-1932 жж.) жалпыодақтық өндірістегі Қазақстанның тауарлы астықты өндірудегі үлес салмағы 9 пайыздан 3 пайызға түсіп кетті, астықтың жалпы түсімі бір жарым есеге азайды, астық өнімділігі әр гектардан 9,2 центнерден 4,3 центнерге түсіп кетті. Апатты жағдай мал шаруашылығында да орын алды. Мүйізді ірі қараның саны 1932 жылы 1928 жылмен салыстырғанда 7 есеге, ал қой саны 14 есеге қысқарды [2, 3 б.].

Астық дағдарысынан шығу үшін партия басшылығы қатаң шараларға, тіпті жағдай түзелмеген жағдайда басшыларға қауіп туатыны туралы айтылған шешімдер қабылдады. Өзгерістерге қол жеткізу үшін Қазақстанда басқа аймақтардағы сияқты «орал-сібір» әдісі деп аталатын әдіс қолданыла бастады. Оның мәні мынада: астықты тапсырмауға қайсыбір селоның шаруалары бастамашы болыпты делінеді, бірақ оның әдейі бұрмалануына қарағанда, ол астық өндірушілерден астықты еш қарсылықсыз тартып алуға арналған, тиісті орындарда мейлінше мұқият әзірленген құрал. Басқаша айтсақ, кедейлер мен орташалардың жиналысында (село жиынында) көмекші комиссиялар сайланды, олар жеке өздері таңдаған тәртіппен астық дайындау жоспарының 65 пайызын кулактар-байлар есебінен және 35 пайызын орташалар есебінен жүзеге асырды. Егер жиынның бұл шешімі орындалмаса, кулактар мен орташаларға берілген тапсырма құнының бес еселенген мөлшерінде

айыппұл салынды немесе бас бостандығынан айыруға үкім шығарылды [3, 235 б.]. Осылайша бәрі кедейлердің қолымен жасалынды: селолық кеңестерге немесе селолық жиындарға жоғарыдан астық дайындау жоспары берілді және ол қаталау жазалау шараларымен сол бойда орындалды.

Жалпы алғанда кеңес елінде кейін де орын алған мұндай саяси науқандар өте қуатты насихат құралының көмегімен идеологиялық тұрғыда қамтамасыз етілді. Сол кездегі газеттерде «Кулактарды түрмеге қамайық!», «Кулак пен байды қатаң қыспаққа алайық!», «Кулактар мен байлардың құйыршықтарына соққы берейік!», «Тап жауларына қарсы аттан салайық!», «Астықты шіріткендерге өлім келсін!», «Астықты жасырғаны үшін түрме!» деген сияқты ұрандардың қаптап кеткені тегін емес.

Кеңес дәуірінде жарық көрген әдебиеттерде қазақтың ауқатты байлары «тап жауы» ретінде, кедей-кепшіктің еңбегін қанап отырған, әлеуметтік езгіде ұстаған топ ретінде қарастырылғаны белгілі. Шындығында, дәстүрлі қазақ қоғамындағы туыстық байланыстарды алып қарасаңыз олай болмағандығына көз жеткіземіз. Қазақтың байлары тектен-текке көп әйел алмаған, кедей-кепшік туыстарын өз ауылының маңына жинамаған. Бұл жерде оның аса терең әлеуметтік және экономикалық маңыздылығы жатыр. Себебі байдың көпсанды төрт түлік малын жалғыз ғана отбасымен, балаларымен ұрлық-қарлықтан, қырғыннан сақтап тұруы мүмкін емес. Бұл жерде ол өзінің тұрмысы төмен туыстарына сүйенеді, олардың еңбегі мен қолдауына сүйене отырып, байлығын сақтап, әрі көбейте алған. Бұл қарым-қатынастардың барлығы да туыстық негізге сүйеніп, экономикалық және әлеуметтік жағынан да дұрыстығын көшпелілер қоғамында өздігінен дәлелдеп берген. Бай мен кедейдің арасындағы осындай үздіксіз байланыс өзінің мәнін ғасырлар бойы сақтаған. Бүгінгі күнгі өмір сүру салтымен салыстырсақ, қазақ қоғамындағы байлар нағыз кәсіпкерлер. Себебі олар шаруашылықты жүргізу тәсілдерін атадан балаға берілген тәжірибемен жетік меңгерген, соның арқасында тұтас ауылдарын аштықтан аман сақтап отырған. Ал енді кеңес дәуіріндегі отырықшыландыру кезінде ұжымдастырудың бай-кулактарды тәркілеуден басталуы тегіннен тегін емес. Себебі қазақ өлкесіндегі малдың көп бөлігі осы ауқатты адамдардың жеке меншігінде болды. Біздің ойымызша, сол себепті байларды тап ретінде жою шықты.

1929 жылы қараша айында өткен БКП (б) ОК пленумында басқа да мәселелермен қатар, колхоз қозғалысын дамыту мәселесі талқыланып, «Ауыл шаруашылығын қайта құруға басшылық жасауды жақсарту шаралары» қабылданды. Қазақ өлкелік партия комитетінің бюросы 1929 жылы 6 қарашада «Қазақ халқын отырықшыландыру туралы» қаулы қабылдады. Отырықшыландыру мәселесі экономикалық, шаруашылық шараларды жүзеге асыру болғанымен, оны бай-кулактарды тап ретінде жою арқылы жүргізуді ұсынды. Бұл науқан 1930 жылдан бастап жоспарлы түрде жүзеге асырыла бастады. Отырықшыландыру жұмысына өлке басшылығы ерекше саяси таптық мәні бар жұмыс деп қарады.

Седентаризация (отырықшыландыру) идеясы, сондай-ақ ауылды жаппай ұжымдастырудың болашағы шаруашылық-мәдени үлгілердің ауысуымен тығыз байланыстырылды. Басқаша айтқанда, қазақ шаруа шаруашылығының даму жолдары мал өсіретін шаруашылықтарға ауысуымен (мемлекеттің бағыттауымен) теңестірілді [1, 251 б.].

1928 жылдың 27 тамызында «Аса ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды кәмпескелеу және жер аудару» туралы декрет қабылданды. Онымен бірге БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті «Барлық еңбекшілерге» деген үндеу де қабылдады. Бұл екі құжат та 5 қыркүйекте баспасөзде жарияланды. Мұнда қазақ байларын тәркілеудің 20 қыркүйекте басталып, 1 қарашада аяқталатынын ескертті. Декрет бойынша ірі байларға көшпелі аудандарда ірі малға шаққанда төрт жүз бастан жоғары малы бар, жартылай көшпелі аудандарда үш жүз бастан жоғары малы бар қожалықтар жатқызылды. Ал отырықшы аудандарда мұндай меже 150 бастан жоғары қарай болды. Бірақ осы соңғы аудандарда Қазақ АКСР ХКК жүз тұяғы барларды ірі бай қатарына жатқызып тәркілеуге құқықты болды [1, 95 б.].

Байларды жер аударуды іс жүзінде ГПУ мен милиция органдары жүргізді. Бірақ 1928 жылы 30 тамызда қабылданған «Қазақстанның көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы аудандарын белгілеу туралы» қаулыда ГПУ-дің бұл іске қатысатыны айтылмай, халықтан құпия ұсталды. Қысқа мерзімде, тәркілеу барысында Қазақстанның он округінен 148 адам тұтқындалды, 69-ының ісі прокуратураға берілді, ал 34-і босатылды. Тәркілеу науқаны байлардың өздеріне ғана емес, олардың тұратын аудандарының мал шаруашылығын күйзеліске ұшыратты. Байлар аталарынан қалған мал-мүлкін соңындағы ұрпағы мен туыстарына қалдыру үшін түрлі айла, әрекеттерге барды. Отбасыларын аман сақтау үшін әйелдерімен ажырасты, малдарын туыстарына бөліп берді. Тарихи деректерде, кей байлардың кеңес өкіметіне қарсылық ретінде жаппай өз малдарын қырып тастағаны туралы да айтылады. Бірақ бұл байлардың барлығы ұжымдастыруа қарсы болды деген сөз емес.

Олардың көпшілігі өз бастары мен отбасын, ұрпақтарын аман алып қалу үшін кеңестердің ұжымдастыру саясатына қарсы еместігін айтып, өтініш білдірді. Малын, дүние-мүлкін алса да жанын қалдырып, отанынан алысқа жер аудармауды сұрап жалынды. Бірақ олардың барлығының мұң-мұқтажын тыңдаған үкімет болмады. Керісінше, үкімет орындары байларды тәркілеуден түскен мал колхоздағы кедейлерге бөлініп беріледі деп насихаттап, сол байлардың тәркіленуіне кедей шаруаларды мүдделі қылып қойды.

Кулактарды тап ретінде тануға байланысты нақты шараларды белгілеу үшін 1930 жылы 15 қаңтарда БК(б)П орталық комитеті қаулы қабылдады. Сонымен қатар жер-жерде партия комитеттері жанынан арнаулы сарапшылар мен үштіктер құрылды. БК(б)П ОК Саяси бюросының 15 қаңтардағы шешімімен В.Молотов басқарған, 21 адамнан тұратын арнаулы комиссия құрылды (оған Ф.И.Голощекин де кірді). Ол кулактарды тәркілеу жөнінде бірқатар нақты шаралар әзірледі, 1930 жылғы 30 қаңтарда Саяси бюроның қаулысы түрінде ресми нұсқаулық күшке ие болды.

Осы құжатқа сәйкес, жаппай ұжымдастырылған аудандарда өндіріс құралдарын жалға беру туралы заңның қолданылуы тоқтатылды және жұмыс күшін жалдау-жалға беруге де тыйым салынды. Бұл Азамат соғысы жылдарынан кейін қабылданған ЖЭС кезінде жарияланған шаралар болатын. Кулак шаруашылықтарынан жер, мал, шаруашылық және тұрғын-үй құрылыстары, азық-түлік, жем мен астық қорлары тәркіленуі тиіс болды. Кеңес үкіметі басқаша айтқанда, соғыс кезіндегі «әскери коммунизм» саясатын әрі қарай жалғастырды, яғни халықтың қолындағы артық өнімдерін, күш-көлігін тартып алған болатын. Бұл шаралар одан әрі жалғасын тапты.

Ойластырылған әлеуметтік-таптық геноцидке большевиктік және жоспарлы сипат беру үшін тәркіленетіндер үш санатқа бөлінді. Бірінші санатқа (контрреволюциялық белсенділер, көтерілістер мен террорлық әрекеттерді ұйымдастырушылар) жатқызылғандарға азапты лагерьлер немесе ату жазасы белгіленді. Екінші санаттағыларға (мейлінше бай кулактар) КСРО-ның жекелеген аудандарында жер аудару жазасы қолданылды. Үшінші санаттағыларды (кулак шаруашылығының қалған бөлігі) тұрғылықты жерімен шекаралас, бірақ өз колхозынан тыс жерлерге орналастыру көзделді (ұжымдастыруды жеделдету барысында колхоздардың «теңіздей қаптауы» көп аумақты басып қалды, ал «колхоз жерінен тыс жатқан» кеңістік адам игермеген жеке алқаптарға айнала бастады, сондықтан үшінші санат іс жүзінде екінші санаттағылармен қосылып кетті) [3, 264 б.].

Аталған қаулымен Қазақстан үшін де нұсқамалық тапсырмалар белгіленді. Бірінші санаттағылар қатарына 5-6 мың отбасы, екінші санаттағыларға 10-15 отбасы жатқызылды. Бірінші санаттағы адамдардың істері бойынша үкім «үштік» деп аталғандардың сот отырыстарында шығарылды, оған партия органдарының, ОГПУ мен прокуратураның бірінші басшылары кірді. Бұл науқанды 1930 жылдың ақпан-мамыр айлары аралығында өткізу жоспарланды [3, 265 б.]. Оның жедел жүргізілуін ОГПУ жүзеге асырды. Сол бойда Қазақстанда 3113 адам тұтқындалды. Ізінше жаппай жер аудару науқаны басталды. 1930 жылғы мамыр айының басында-ақ өлкеге 1341 отбасы немесе 7535 адам жер аударылды.

1928-1932 жылдарда, яғни бірінші бесжылдық тұсында қазақ байларын тәркілеу саясаты күшіне еніп, кеңестік билікке қарсы «әлеуметтік қауіпті элементтерді» іздестіруге, оларды күштеп жер аударуға ұласты. Осы науқанның барысында Жетісуға әйгілі ірі ауқатты әулет Маман отбасынан 1720 ірі қара, 13 ақ үй, 13 ағаш үй тәркіленген. Бұл әулеттің мүшелері қазаққа пайдалы істер жасауымен танылған еді, айталық ғылым-білімнің қадірін ұққан Есенқұл Маманов жақсы роман жазған адамға бәйге жариялаған болатын. Семей округінен Құнанбай-Абай ұрпағынан Шәкәрім, Тұрағұл қудаланғаны белгілі. Сол кезде Тұрағұлдан небәрі 36 мал басы тәркіленген екен. Семей қаласында ет және тері өнеркәсібінің негізін қалаған, 1918 жылы М.Әуезовтың өтінішімен «Абай» журналын шығаруға қаржылай демеушілік танытқан, ірі қазақ байларының бірі Қаражан Үкібаевтың мүлкі кәмпескеленеді. Батыс өңіріндегі ауқатты адамдардың бірі, Сырым Датұлының шөбересі Салық Омаровтың мал-мүлкі тәркіленіп, өзі Жетісуға жер аударылады [4, 76.].

Үштік комиссиясы 1930 жылы 23 қаңтардағы мәжілісінде Кулактар шаруашылықтарын Қазақстанның ішінде қоныстандыру туралы мәселені талқылап, бірінші кезекте кулактарды жаппай ұжымдастыру аудандарынан Қазақстанның ішіне тарата қоныстандыруды қажет деп тауып, оған 20 мың кулак қожалығы жатқызылды. Кей жерлерде жоғары басшылыққа жағыну үшін жергілікті ұйымдар кулактардың санын қолдан өсіріп жіберіп отырды. 1930 жылы қаңтарда 20 мың кулак қожалықтары бар десе, 1930 жылдың жазына дейін оның саны 54625-ке жеткізілді.

Осы бай-кулактарды тәркілеу үшін ауылдарға өлкелік ұйымдардан қатаң нұсқау мен құқықтар берілген 48112 өкіл жіберілген екен. Басты соққы тек байларға ғана емес, орташалар мен ауқаттылар қатарына қосылған кедейлерге де бағытталды. 1930 жылы елден тыс жерлерге 55500 шаруа бай-кулак ретінде қуғынға ұшырап, айдалған. Жазаланған 34121 бай-кулактан 631 мың пұт астық және 53400

мал алынды, мұның өзі астық дайындау жоспарының бар-жоғы 14 % -ға жуығы және ет дайындаудың 3,5 %-і еді. Астық дайындаудың негізгі салмағы орташалар мен кедейлерге түскені белгілі. Күштеп отырықшыландыру нәтижесінде 800000-нан астам қожалықтардан 1932 жылдың көктеміне қарай тек 450000 қожалық қана қалды, 300000-нан астам қазақ қожалықтары туған жерін тастап, босып кетті [5, 47 б.].

Ұжымдастырудың барысында ет өнімдерін дайындаумен қатар астық дайындау науқаны да белсенді түрде жүзеге асырылды. Колхоздарда астықтың барлық қорлары, тіпті тұқым қорлары да тартып алына бастады. Керек десе, тіпті мал шаруашылығымен айналысатын аудандарға шамадан тыс астық тапсыру міндеті мен көлемі жүктеліп, қазақтар осы міндетті орындау үшін қолындағы малдарын астыққа айырбастай бастады. 1930 жылдың қыс айында қосымша жүн дайындау бойынша түскен тапсырманың салдары елдегі қой түлігінің үлкен бөлігінің үсіп өлуіне алып келді. 1922-1933 жылдар аралығында билікке қарсылық көрсеткені үшін, астық пен ет дайындау науқанынан мал мен астық өнімдерін тығуға талпынғаны үшін 33 мың адам сотқа тартылды [6, 4 б.]. Күштеп отырықшыландыру –қазақ халқының басына түскен жалғыз нәубет емес, мұнда сонымен қатар халықтың азық-түлікке деген қажеттілігін ескермей, олардың қолындағы мал мен астықты тартып алу жоспарын құрған кеңс билігінің саясатын да атап өту керек.

1931-1933 жылдар аралығында 2 миллионға жуық қазақтар және бақа ұлттардан тұратын 200-250 мың қазақстандықтар ашаршылықтан ажал құшты [6, 4 б.].

1929-1933 жылдар аралығында Қазақстандағы Мемлекеттік саяси басқарма бөлімшелері (ОГПУ) үштігі 9805 іс қарап, 22933 адамға қатысты шешімдер қабылдап, оның ішінде 3386 адам ату жазасына кесілді, 13151 адам лагерлерге 3 жылдан 10 жылға дейін мерзімге қамалды. Кеңес билігінің тұрғындарға жүргізген қуғындау саясаты қарсыластық және толқуларды туындатты. Адамдар туған отанын тастап, кетіп жатты. Бір жылдың өзінде ғана (1930 жылдың басынан 1931 жылдың ортасына дейін) республика аумағынан 280 мыңнан астам шаруа қожалықтары негізінен Қытайға, Иранға және Ауғанстанға қарай ауып кетті. Ашаршылық жылдары 1 млн. 130 мыңнан астам адам ауа көшіп кетті, олардың 450 мыңы ғана Қазақстанға қайта оралды [2, 3 б.].

Қазақ халқы үшін 20-30 жылдардағы азық-түлік салғырты, одан кейінгі ет және астық өнімдерін дайындау нағыз қасіретке айналды, сол үшін мал басы, нан өнімдері, жүн, тіпті жануарлардың сүйегі, тұяғы және т.б. тартып алынды.

Республикадағы ашаршылық 30-жылдарға дейін-ақ белгілі бола бастады. ОГПУ мәліметтерінде көрсетілгендей, Қазақстанда «азық-түлік қиындықтары жаңа аудандарды қамтыды және жер-жерлерде жаппай ашаршылық сипатына ие болуда». Осы жерде Қазақстан үлгісінде аштыққа ұшырағандардың нақты саны 109809 адам деп көрсетілді [2, 3 б.].

Қазақстан экономикасын дамытуда біртіндеп отырықшыландырудың, сонымен қатар, оның индустрияландырумен қатар жүргізілуі қажеттілігін айтып, дабыл қаққан С.Садуақасов сияқты қайраткерлердің пікірі есепке алынбады [7, 75 б.]. Ұжымдастыруға қатысты Ә.Бөкейхановтың пікірі де есепке алынбады. Жалпы сол кезеңдегі қазақ зиялылары мемлекет басшылығына ұжымдастырудың жүргізілу барысына қатысты бұрмалаушылықтардың орын алғанын айтып дабыл қақты. Өзіндік дәстүрлі шаруашылығын ғасырлар бойы жүргізіп, көшпенді өмір салтын ұстанатын халықты бір онжылдық, тіпті айналдырға екі-үш жылдың ішінде ешбір дайындықсыз отырықшыландырудың соңы ауыр зардаптарға соқтыратыны бесенеден белгілі еді. Сол кезеңдегі дамыған Еуропа елдерінде мұндай үрдіс бірнеше онжылдықтарға созылған дайындық жұмыстарынан кейін ғана барып әдетте жүзеге асырылады. Ең алдымен көшпелілерді отырықшыландыруға керекті барлық материалдық-техникалық база, яғни тұрғын үйлер мен малды баптауға керекті жем-шөп, қоралары салынып, дайындалады. Сонымен қатар біруақытта тұрғындарды отырықшыландыруға көшіруге психологиялық-моральдық жағынан қолдап, түсіндіру, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізеді. Содан кейін барып көшпелілер отырықшылықтың әлеуметтік-экономикалық маңыздылығын түсініп, оған даяр боп, өз келісімдерін берген соң ғана отырықшыландыру біртіндеп, сатылап жүзеге асырылады. Ал Қазақстандағы жағдай бұған кереғар бағытта жүзеге асырылды. Міне, қазақ зиялыларының ұжымдастыруға қатысты айтқан пікірлерінің негізгі түптөркіні осыдан шықты деп ойлаймыз. Олар кеңес саясатына қарсы шықпады, тек оның соншалықты бұрмаланып, ауыр зардаппен жүргізілгеніне наразы болды. Бұның барлығы өз ұлтының қамын ойлаған, қазағына жаны ашыған аз ғана ат төбеліндей, шарасыз халдегі зиялыларымыздың жан айқайы болды деп толық айта аламыз.

Қазақ зиялылары аштық пен жұтқа қарсы күресудің жолдарын қарастырып, ұсыныс-пікірлерін ұсынды. Мәселен, «Жұт» деген мақаласында С.Меңдешев жұтты болдырмау үшін мынадай бірнеше шараларды жүзеге асыруды ұсынған. Оның бірі көшпелілікті қалдыру болды.

Міржақып Дулатов та жұттан сақтанудың бірнеше жолдарын ұсынады. Ол қазақ шаруасының екі түрлілігін: 1) бірыңғай мал өсіру, 2) мал өсірумен қатар егін кәсібі екендігін атай отырып, жұтты болдырмау үшін не істеу керектігін ашып көрсетпекке тырысты. М.Дулатовтың пікірінше, бұрынғыдай малдың санын көбейтуді мақсат, мақтан қылуды доғару керек. Малдың бір-ақ күнде қырылуы қазаққа бұрыннан белгілі болғандықтан, мал санын кемітіп, алты ай қыс жеп шығуына жетерлік пішен қол орақты қойып, бірлесе шөп машинасын сатып алу қажеттігін атайды. Шаруалар жекелене әрекет етпей, одаққа бірігудің аса тиімділігін дәлелдейді [8, 7 б.].

Қазақ зиялыларының бар арманы өз халқын іргелі ел етіп, алға бастыру шараларының бірі ретінде көшпелі қазақты біртіндеп отырықшыландыру мәселесін мақсат етіп қойды. Оны жүзеге асыру үшін ең алдымен патша заманында тартып алынған жерлерді қайтаруды қазақтарды жерге орналастырумен тығыз ұштастырып, алдағы уақытта интенсивті шаруашылыққа біртіндеп, біршама дайындықпен көшу ұсынылды. Себебі олар халықтың тұрмысы мен шаруашылығында жаңа сапалық өзгерістерді қалыптастыру үшін нақты мемлекеттік көзқарас пен қаржылық қолдау көрсетілгенде ғана жүзеге асатынын жақсы түсінді. 1922-1928 жылдарда біртіндеп отырықшыландыру мәселесі жерге орналастырумен тығыз байланысты болғандықтан кейінге қалдырыла берді. Қазақтарға отырықшы халықтың жер мөлшеріне сәйкестендіріп жер беруге, оны жаратуға мүмкіндік туғызуға өкімет мүдделі болмады. Әсересе бұл бағыт билікке Ф.И.Голощекиннің келуімен одан әрі күшейді. Сөйтіп 1925 жылдан бастап қазақтарды бірінші кезекте жерге орналастыру, оны мемлекет тарапынан қаржыландыру жұмысы тоқырап, ақыры 1927 жылы тоқтап тынды. Голощекиннің келуімен отырықшыландыру емес, керісінше, қазақтарды жерге таластыру арқылы тап күресін шиеленісіндіріп мақсат еткен «кіші Қазан» саясаты басталды. Оның мақсаты- қазақ халқына берілетін жер көлемін азайтып, Ресей мен басқа республикалардан келетін қоныс аударушыларды орналастыру арқылы егістік көлемін ұлғайтуды көздеді.

Қорытындылар болсақ, бастапқыда бұл жолда бірқатар жұмыстар атқарылды. Мысалы, 1922 жылы 30 қазанда қабылданған «Жер кодексі» қазақтарды жерге орналастыруды бірінші кезекке қойып, экономиканы алға қарай дамытуда маңызды рөл атқарды. Егер осы бағыттағы жұмыстар үнемі әрі үздіксіз жүргізілгенде көшпелі қазақты отырықшыландыру мәселесі ешбір зардапсыз да шешілуі мүмкін еді. Алайда жаңа экономикалық саясат жылдарында кеңес өкіметінің қазақтың жағдайын көркейтуге құлқыда, мүмкіндігі де болмады. Ұзақ психологиялық және қаржылық дайындықты талап ететін бұл үлкен істі жүргізу шеңбері қаржының аздығынан біртіндеп тарыла берді. Бірақ, осы тақырыпты зерттеуші ғалымдардың еңбектері бізге көптеген тұжырымдар жасап, бұл мәселені белгілі бір деңгейде қарастыруға мүмкіндік береді.

#### Пайдаланған әдебиеттер

1. Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті: Көмекші оқу құралы. Алматы: Санат, 1997.-320 бет.
2. Шепель В. Алапат ашаршылық. // Егемен Қазақстан. 6 сәуір 2012 жыл. 3 б
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том.-Алматы: «Атамұра», 2010.-752 б.
4. Аяған Б. Ашаршылық ақиқатына жаңа көзқарас. Егемен Қазақстан, 25 сәуір 2012 ж. 7 б.
5. Айдарова Ш. Отырықшыландыру науқаны хақында. // Қазақ тарихы. 2003.-№1.-46-47 бб
6. Бұрханов К. Тарих шындығы және заманауи қоғам. // Егемен Қазақстан 10 мамыр 2012 жыл. 4 б.
7. Сәдуақасұлы С. Таңдамалы шығармалары. 1-том. Алматы: Біріккен қазақ-монғол «Аттан» кәсіпорны. 1993. -427 б.
8. Смағұлова С.Ө. Айғақ. Ашаршылық нәубеті баспасөз беттерінде. // Егемен Қазақстан 7 маусым 2012 жыл. 7 бет.